




Сәрсеке Медеу Сапаұлы (1936-2024)

Өмір жолы

Медеу Сапаұлы Сәрсеке (2 татар 1936 жыл, Кайнар аулы, Обиралы отданы, Семей облысы – 20 нагрыз 2024 жыл) — газа жене колёс жазушысы, драматург, публицист, одам қайраткері. КСРО жене Қазақстан жазушылар одағының мүшесі. Қазақ ғылыми-фантастикалық әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі.

Жазушы Медеу Сәрсеке бұрынғы Семей облысы Обиралы ауданының Кайнар кеңшарында 1936 жылдың 2 қаңтарында дүниеге келен. 1953 жылы Кайнар орта мектебін алтын медальмен бітіріп, қазіргі Қ.И.Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық университетке бәсеке сынақсыз қабылданған. Техника

ілімінің күрделі кілтипатын қиналмай игеріп, өз қатарының алдыңғы легінде оқыған.

Инженер дипломын алып, арман еткен мамандығын жете меңгеру үшін ауыр өндірістің бірі - Семей цемент зауытында бес жыл бойы құрылыстың ділгір шикізатын күйдірумен шұғылданған. Бұл қызметте де өз қатарының соңғысы болмаған, техника бөлімінің аға инженері, білікті маман атанды. Өндіріс қазанында пісіп-қатып, өмір мектебінен өткен.

Студенттік шағынан республикалық баспасөзде жиі көрінуі шәкірт үшін текке өтпеді. 1959 жылы тұңғыш әңгімелер жинағы- «Ғажайып сәуле» жеке кітап болып жарық көрді. Инженер дипломына ие болған жас маман «Лениншіл жас» редакциясының шақыруынан бас тартпай, сол күнде аса беделді жастар газетінде еңбек жолын жалғастырады. Әлеумет мәселелерін жастарға тән қызу әуенмен көтере білетін, қауым арасында жүз мыңдап таралатын газеттің редакциясында Медеу Сапаұлы қаламгерлік өнердің әліппесін игеріп, қаламы жүйрік, олқылықты көргіш, әрнеге бейжай қарай алмайтын сезімтал журналист ретінде танылды.

Медеу Сәрсекке - қазақ әдебиетінде фантастика жанрының бастауында тұрған қалам иесі. Ғылыми- фантастика ғаламатындағы қалам қарымын танытатын тұңғыш туындысы «Ғажайып сәуле» хикаятында ол ғылым мен техниканың бүгінгі көкжиегі мен келешек мүмкіндігін өрнекті сөзбен кестелеп, қиялмен қиюластырады. Өз шығармасына ол уран тұзымен боялған құмыра, алуан субұрқақ, фотохат, аэротакси, уран іздейтін жарак, өзге де техникалық кереметтер енгізіп, оқырман көкейінде сол құдіретті білсем, игерсем, танысам деген түйсікті қанаттандырады.

Қазақ әдебиетіндегі ғылыми-фантастика жанрының алғашқы қарлығаштары атанған «Көрінбестің көлеңкесі», «От және атом», «Жетінші толқын» атты таңғажайып хикаяттарын ол Семей цемент зауытында жұмыс істеген жылдарында жазған. Мерзімді баспасөз беттерінде өндіріс адамдары туралы очерктер жариялаудан да шет қалмаған. Сол жылдардың көрнекті бір жемісі- «Жазушы» баспасының арнайы тапсырмасымен жазылған очерктер жинағы «Жетіжылдықтың жігіттері». Нәтижесінде 1962 жылы инженер жігіт КСРО Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданады, бұл болса ауыр өндіріс ортасында жүрген жас қаламгердің өр талабына қанат бітіріп, шабытын шыңдай түскен.

Арғын тайпасы Тарақты руынан шыққан. Қазақ кен-металлургия институтын (қазіргі ҚазҰТУ) бітірген (1958). 1958–1959 жылдары "Жас Алаш" газетінде әдеби қызметкер бөлімінің меңгерушісі, 1959–1963 жылдары Семей цемент зауытында мастер, аға диспетчер, өнертапқыштар бюросының бастығы, 1963–1965 жылдары "Егеменді Қазақстан" газетінің Шығыс Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі, 1965 жылдан Қазақстан жазушылар одағының Семей облысаралық бөлімшесінде жауапты хатшы.